

## ЖАҢҒЫРУ ЖОБАЛАРЫ ҚАРАЛДЫ



**Ректорат мәжілісі ректор Ғалым Мұтановтың ҚазҰУ ұжымын Қасиетті Құрбан айт мерекесімен құттықтауынан басталды. Бұл мейрамның Қазақстан халқы ынтымақтастығын арттырудағы маңызы зор. Сондай-ақ, оның бірлігі мен тұтастығы басты басымдық болып есептелетін ҚазҰУ-дың ұжымдық мәдениетін дамытудағы орны ерекше екені сөзсіз.**

ҚазҰУ ұжымы мен студенттерін Қасиетті Құрбан айт мерекесімен ректор құттықтағанан кейін Ректорат мәжілісі әдеттегідей білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісім-шарттарға қол қою рәсімімен жалғасты. Ғалым Мұтановтың қатысуымен өткен кезекті ынтымақтастық пен ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға арналған үшжақты құжаттарға Түркия Республикасы Гукурова

университетінің ректоры Алпен Акиноғлуның атынан аталмыш университеттің сот-медицина сараптамасы кафедрасының профессоры Мете Коркут Гюл мен заң факультетінің деканы Дәулет Байделдинов, Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-тәжірибелік орталығы бас директоры Сағат Алтынбеков пен философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова қол қойды.

Бұдан өзге мәжілісте ҚазҰУ ректорының атына «Бөбек» ұлттық ғылыми-тәжірибелік, білім беру және сауықтыру орталығынан келген арнайы хат мәтіні оқылды. Онда теориялық және ядролық физика кафедрасының меңгерушісі Медеу Ержанұлы мен доцент Нұрзада Әбдібекқызына Қазақстан Республикасының 20 жылдығына және Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшқанына 50 жыл толуына арналған мектеп оқушылары арасында өткен Халықаралық астрономиялық олимпиаданы өткізуге қосқан зор еңбектері үшін үлкен алғыс айтылған.

(Жалғасы 3-бетте)

Военная кафедра, имея славную историю, воспитала в стенах университета много достойных сынов Отечества, которые связали свою жизнь с ратным трудом. Молодое поколение свято хранит воинские традиции и успешно постигает премудрости военной профессии. Один из них, отличник военной кафедры, студент второго курса факультета международных отношений, Камалдин Камирдинов. Он рассказал нашей газете о своей учебе и буднях, приближенных к «боевым условиям».

### КАФЕДРА НАСТОЯЩИХ МУЖЧИН

Я учусь на военной кафедре по специальности «военный переводчик» с февраля 2011 года. Специальность новая и очень востребованная. Поступить на кафедру было нелегко, так как, помимо физической подготовки, необходимо иметь отличную успеваемость и пройти дотошную медицинскую комиссию. Поэтому я очень горжусь, что поступил на передовую военную кафедру страны. Для меня это был осознанный выбор, и я готовился к нелегким курсантским будням.

В первое время было особенно трудно - строгий режим, требования устава, физическая и строевая подготовка, практические занятия и т.д. Потребовалось много сил и терпения, чтобы войти в «боевой» ритм занятий. Нам повезло с преподавателями, которые помогают осваивать воинскую азбуку, а многие из них являются для нас наглядным примером профессионализма и воинской доблести. Интересно и с большой самоотдачей проводят занятия такие офицеры, как полковники Ернарзат Ишанов, Вячеслав Мешков, Геннадий Костюкевич, подполковник Виктор Ковалев. Красиво и с изюминкой преподает основы военного перевода подполковник Бейбитгуль Смагулова.

(Продолжение на 3 стр.)

ЖАЛЫН

### СПОРТ – денсаулық кепілі

Жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде «Аударма теориясы және әдіснамасы» кафедрасының ұйымдастыруымен №17 студенттер үйі тұрғындары мен факультет оқытушылары арасында шағын футболдан салауатты өмір салтын қалыптастыру және студенттерді спортқа баулу бағытында жарыс өтті. Бұл турнирге факультеттен 8 команда қатысты.

Студенттерге үлгі ретінде алаңға алғашқылардың бірі болып факультет ұстаздарынан құралған команда шықты. Өте тартысты өткен жарыстың жартылай финалында 3-4 курс студенттерінен құралған «Алғадай» командасы 1-курс студенттерінің «Көшбасшы» командасымен күш сынасты.

(Жалғасы 2-бетте)

ШАРА

### ҒЫЛЫМНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ СӨЗ БОЛДЫ

Экономика ғылымы қандай деңгейге жетті, қай сатыға көтерілді, нендей жаңалықтар бар? Бұл сұрақтарға жас ғалымдар мен экономика факультеттерінде маманданып жатқан студенттер жауапты 3 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен «Экономика ғылымының әдіснамасы, теориясы және практикасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдай алды.

Экономика әдіснамасын және аталмыш салада теория мен тәжірибені ұштастыру бағытын қамтыған ғылыми жиын Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, көрнекті ғалым Әубәкіров Яхия Әубәкірұлын еске алуға арналды. Халықаралық жиынның өтуіне әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен бірге, ҚР ЖОО қауымдастығы, Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы да қолдау танытты. «Халықаралық бас қосу экономика ғылымының майталманы, үздік ұйымдастырушы, ғалым Яхия Әубәкіровтың ғылымға қосқан үлесін насихат-



тай отырып, экономиканың өзекті тақырыптарын қозғап отыр. Мұнда көтеріліп жатқан экономика саласындағы баяндама тақырыптары қоғам дамуында өте маңызды. Конференцияда экономикалық ғылымының теория және әдіснама мәселелері, экономикалық саясаттың

және Қазақстан дамуындағы тәжірибелік өзекті мәселелер, экономикалық кадрларды дайындауды жетілдірудің басымдықтары да кеңінен қарастырылуда.

(Жалғасы 2-бетте)



# Жаңғыру жобалары қаралды

(Басы 1-бетте)

Жуырда Ақпарат және байланыс министрлігі өткізген Қазақстан жоғары оқу орындары студенттерінің арасындағы Бағдарлама жасау республикалық олимпиадасында механика және математика факультетінің студенттері алдыңғы үздік орындарды иеленіп қайтқан болатын. Ректорат мәжілісінде дарынды жастар атаусыз қалмады. Байқауда 1-ші орын иеленген Мансур Құтыбаев iPad планшетті компьютерге қол жеткізсе, 2-ші орынды жеңіп алған Тұрар Олжас ноутбукты сыйға алған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде үздік студенттерге шәкіртақы тағайындау үрдісі дамып келе жатқанын айта кетуіміз керек. Осы ретте әр мәжілісте айтулы стипендиялар өз иесін тауып отыратыны белгілі. Бұл жолы шәкіртақыны студенттерге заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы табыс етті. Аталмыш факультеттің 2 курс студенті Айжарқын Батырова, 3 курс студенті Нұрлан Илахунов және 4 курс студенттері Данияр Айткеев пен Жібек Нұрмановалар заң ғылымдарының докторы, профессор Мұхитдинов Нәжмитдин Баукейұлы атындағы шәкіртақыны иеленсе, 2-курс студенті Шыңғыс Саламат заң ғылымдарының кандидаты, доцент Жұмаділов Бақытжан Ағаділұлы атындағы шәкіртақыға лайықталды.

Түрлі жаңалықтар мен игі шаралардан кейін кезек күн тәртібіндегі мәселелерге берілді. Мұнда университеттің ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы Оқу жұмысы жөніндегі проректор Гүлнәр Балақаева баяндады. Онда



университеттің 2011-2012 жылдарға арналған оқу-әдістемелік жұмысы, ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмысы, әлеуметтік даму, қаржы-өндірістік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бағыттары айтылды. Баяндама барысында инновациялық жобаларды дамыту, мемлекеттік тілдегі оқулықтар санын арттыру талабы жүктелді. Түлектердің жұмысқа орналасуын және насихат жұмыстарын арттыру міндеттелді. Халықаралық ынтымақтастықты кеңейтіп, әлемдік деңгейде ғылым өрісін өсіру баса айтылды. Бұл орайда алда университеттің әр факультетінде Түлектер қауымдастығы құрылатындығы жеткізілді. Сондай-ақ, факультеттерде ұлттық зерттеу университеті бағытында жұмыс істейтін арнайы орталықтар құру санын ұлғайту да сөз болды. Бұл салада сәтті жұмыс атқарып жатқан Халықаралық қатынастар факультетінің ғылыми орталықтарының қызметі таны-

стырылды. Бұл туралы Еуропалық ақпарат орталығының директоры Құралай Ертісқызы жан-жақты кеңейтілген түрде баяндап берді. Ал Американдық және демократиялық зерттеулердің ресурстық орталығы жөнінде директоры Фатима Тұрарқызы толықтай ақпараттандырды.

Даму мен жаңғырудың түрлі жобалары қарастырылған мәжілісте ректор Ғалым Мұтанов: «Тың идеялар дүниеге келіп, сол жобалардың жүзеге асуын қадағалау қажет. Жобаларға қолдау үлкен. ҚазҰУ-дың ұлттық зерттеу университеті айналу жолында нақты істер мен сол атаққа сай қызметтер атқарылуы тиіс», - деп оқытушы-профессорлар құрамына үлкен міндеттер жүктеді. Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Әнуар Тарак: «Жобаларды жүзеге асыру үшін идея көп. Соның бірі факультетімізде жүзеге асырылып отырған синхронды аударма жұмысы. Осы бағытты дамыту үшін жеке бөлме керек. Сондай-ақ, факультеттер арасындағы өзара байланысты дамытуды жетілдіре түсу қажет деп есептеймін», - деген ойын ортаға салды. Осы секілді көптеген идеялар Ректорат мүшелері тарапынан айтылды. Олардың бастамаларына ризашылығын білдірген ректор Ғалым Мұтанов сүбелі жобалардың жүзеге асуына толық қолдау танытатындығын, синхронды аударманы дамыту үшін жеке бөлме беру өз шешімін тапты деп есептеуге болатындығын жеткізді. Бұл өз кезегінде қасиетті қара шаңырақ ғалымдарының игі идеяларының жерде қалмайтын дәлелдегендей.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

ШАРА

## Ғылымның әдіснамасы сөз болды

(Басы 1-бетте)

Бұл халықаралық жиынды, сонымен қатар жас мамандардың, магистранттар мен докторанттардың білім жинау, жетекші ғалымдармен тәжірибе алмасу алаңы деп есептеуге болады», - дейді әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, ҚР ҰИА академигі, т.ғ.д., профессор Ғалым Мұтанов.

Ғылыми басқосуда әл-фараби атындағы ҚазҰУ профессоры М.Қ.Байғисиев «Қаржылық дағдарысты еңсерудің кейбір теориялық жағдайлары» атты баяндамасымен бөліссе, Халықаралық бизнес Академиясының профессоры, з.ғ.д. «Академик Я.Ә.Әубәкіров еңбектеріндегі аграрлық қатынастардың теориялық-әдіснамалық аспектілерін зерттеу» баяндамасын бұқараға ұсынды. Бұдан өзге шетелдік және отандық ғалымдар конференцияда Я.Ә.Әубәкіровтың ғылыми мұрасы, экономикалық ғылымның теориясы және әдістемелері: өзекті мәселелері және даму бағыттары және Қазақстанның ұлттық экономикасы: қазіргі мәселелері және келешегі тақырыптарында кеңінен қозғады.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Әубәкірова Жания Яхияқызы: «Бүгінгі халықаралық конференция әкеме, ол кісінің ғылым жолына арналып отыр. Әке жолын қуып экономист атанбағаныммен, мен де сол кісі тәрізді ұстаздық, ағартушылық жолындамын. Ұрпақ тәрбиелеп, қоғамның гүлденуіне, еліміздің дамуына жоғары оқу орнының басшысы ретінде еңбек етіп келемін. Әкем зиялы ғалым, ұлғатты, ізденімпаз, жаңашыл адам еді. Отбасында да, достарының арасында да, ұжымында да биік беделге ие. Есімі әрқашан жадымызда сақтала бермек. Өмірден озып кетсе де өшпес мұралары, ғылым маржандары әрқашан бізге әке қамқорлығын сездіріп тұрады», - деген естелігімен бөлісті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ИНФОРМАЦИЯ

## Лидирующие позиции КазНУ

По оценке Национального аккредитационного центра МОН РК КазНУ им. аль-Фараби в Национальном рейтинге 2011 г. среди высших учебных заведений Казахстана занимает лидирующие позиции. Так, по 29 специальностям бакалавриата вуз занимает первое место, по семи – второе и по двум – третье. Призовые места подтверждены сертификатами НАК МОН РК.



## Создан клуб «Case Impact»

Начал работу студенческий кейс-клуб «Case Impact», который открылся при Центре карьеры и бизнеса университета. Основная миссия клуба - приложение теоретических знаний в практике решения си-

туационных кейсов и популяризация с их помощью методов обучения, также привлечение представителей известных казахстанских и международных компаний к учебному процессу.

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

# Великое кочевье Бигельды Габдуллина

В КазНУ им аль-Фараби с успехом прошла презентация книги известного журналиста и общественного деятеля Бигельды Габдуллина «Великое кочевье», посвященной 20-летию независимости Казахстана и повествующей об исторических перипетиях великой степи на протяжении последних шести веков.

Бигельды Габдуллин родился в 1955 году в Акмолинской области. Окончил факультет журналистики Казахского государственного университета им.С.Кирова, Высшие Литературные курсы Литературного института им.М.Горького в Москве. Журналист-публицист, литературный критик, переводчик с казахского на русский, публиковался в московских и казахстанских изданиях, автор нескольких книг. Основатель и главный редактор трех общественно-политических республиканских газет. Лауреат премии Союза журналистов Казахстана, России, президентской премии в области СМИ.

«Сей скромный труд - не историческое произведение или научное исследование, а ряд эссе, навеянных личным осмыслением событий истории в эпоху становления нашей национальной государственности», - отметил автор книги во время встречи в родном университете.

Студенты факультетов журналистики, истории, археологии и этнологии, филоло-

гии, литературоведения и мировых языков свободно общались с главным редактором газеты «Central Asia Monitor» Б.Габдуллиным. Рассказав о студенческих годах в КазГУ, профессиональном и творческом пути, становлении как журналиста, важных событиях в жизни, связанных с общественно-политической деятельностью, он ответил на многочисленные вопросы студентов, наиболее активным вручил свою книгу с автографом. По словам студентов, которые были в восторге от встречи, прошел настоящий мастер-класс профессионала и интересного человека.

«Вы должны стремиться овладеть знаниями, чтобы стать востребованными специалистами. Вы должны быть патриотами своей страны, знать ее историю и приносить пользу своему народу. Я надеюсь, что мой труд будет способствовать этому», - сказал Б.Габдуллин. Он изъявил желание вступить в международный клуб «Друзья КазНУ им. аль-Фараби», который был создан недавно во



время проведения международного форума по вопросам развития исследовательских университетов. Первый проректор КазНУ Мухамбеткали Буркитбаев вручил ему соответствующий знак и удостоверение члена клуба. Известный журналист ознакомился с экспозициями музея вуза и оставил свои пожелания в Книге почетных гостей.

Соб. корр.



ҰЛАФАТ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әскери кафедрасының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты, профессор, полковник Пернехан Әшімбаев өз ғұмырының бүкіл уақытын дерлік әскери ғылыми бағытқа арнап, біршама игі істер атқарған жарқын тұлға. Ол Ұлы Отан соғысы басталған кезде дүниеге келді. Отанды жаудан қорғау үшін ауыл азматтары жаппай қан майданға аттанып жатты. «Елбасына күн туса, ер етігімен су кешер» дегендей, 1942 жылдың қыркүйек айында Әшімбаев аға да замандастарымен бірге ұрысқа аттанды. Сүйген жарына қасиетті шаңырақты шайқалтпауға серт беріп, Жұмаш апай алты жасар қызы Алтынаймен, бес жасар баласы Әділханмен, үш жастағы ұлы Батырханмен және бір жарым жасар перзенті Пернеханмен қалады.

Балаларды қатарларынан кем қылмай тәрбиелеп өсіру жалғыз Жұмаш апайға оңайға түспейді. Алағеуім таңнан түннің біруақ дәлізін шейін дала қостарында ерлерше еңбек етіп, перзенттерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіреді. Тылдағылардың

нехан да ауылдағы орта мектепті аяқтасымен оқуға түсіп, 1961 жылы Алматы облысы, Талғар қаласындағы орман шаруашылығы техникумын ойдағыдай тамамдады. Содан соң 1963 жылға дейін өзінің туған жері Жамбыл облысы, Шу ауданының бұрынғы «Новотро-

89 сантиметр бойына орынсыз мін тағып отырып алады.

«Шешінген судан тайынбас» дегендей Пернехан табандылығы мен сауаттылығының арқасында училищенің бастығы бронетанк қызметінің генерал-майоры Евсюковтың алдынан бірақ шығады.



яғни 1997 жылға дейін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери академиясының бронетанк техникалары кафедрасына басшылық етеді.

Жақсының жақсы істерін айту парыз болады саналады емес пе. Бір жылдан кейін 1998 жылы ҚР ҚК Әскери академиясының ғылыми-зерттеу бөлімін басқарып, біршама ауқымды-ауқымды шараларды жүзеге асырады. Оның тікелей жетекшілік етуімен егемен еліміздің бас әскери оқу орнында тұңғыш рет Қарулы Күштерімізге ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаумен айналысатын адъюнктура дүниеге келді. Сол жылдың 16-шы наурызында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қолдап-демеуінің арқасында әскери-ғылыми кадрларымыздың жұмыстарын үйлестіріп, Қарулы Күштеріміздің құрылысына септігін тигізетін ғылыми тұрғыдан негізделген ұсыныстар мен кепілдемелерді жасаумен айналысатын жаңа құрылым ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери-ғылыми орталығы ашылды.

Профессор полковник Пернехан Ермекевтың өнертапқыштық саласында да қалдырған қалдырған қолтаңбасы аз емес. Ол Қазақстан Республикасы ұлттық патент ведомствосының үш бірдей авторлық куәлігіне ие.

Ұлы жеңістің 55 жылдығы қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен Отан алдындағы әскери және қызмет борыштарын үлгілі атқарып, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан үлестері үшін әскерилердің үлкен тобы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған болатын. Солардың бірі техника ғылымдарының кандидаты, профессор полковник Пернехан Әшімбаевтың Ермекебаев еді.

Мәскеу қаласындағы бронетанк әскерлері Әскери академиясы жоғарғы академиялық курсының түлегі, мемлекеттің қауіпсіздік стратегиясы мәселелері бойынша Германия, Түркия, Болгария елдерінде болып өткен халықаралық симпозиумдарының белсенді қатысушысы, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-теориялық «Бағдар» («Ориентир») журналының бас редакторы болған, профессор полковник Пернехан Әшімбаевтың жиырма жылдан астам ғылыми-педагогикалық қызметі жеміссіз емес. Ол қырықтан астам әскери-ғылыми зерттеу еңбектерінің авторы. ҚР ҚК Әскери академиясының қабырғасында білім алып, әскери ғылымға ден қойған төрт адъюнктың жетекшісі.

Ұстаздың бақыты – өз шәкірттерінің өзінен озуы. Пернехан Әшімбаевтың өнер-білімге, әскери ғылымға арналған жиырма жылдан астам ғұмырында үш мыңға жуық шәкірттерінің оннан астамы генерал шенінде. Олар егемен еліміздің және ТМД мемлекеттерінің Қарулы Күштерінің қатарында жауапты қызметтерді абыроймен атқарып жатыр.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қаулысымен профессор полковник Пернехан Әшімбаевтың Ермекебаевқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Қазіргі күні профессор, отставкадағы полковник Пернехан Әшімбаевтың Ермекебаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әскери кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарады.

Шаңырағыңызға шырай беріп, өміріңізді нұрға бөлеп тұрған мемлекеттік наградаларыңыз құтты болсын! Жарқыраған жұлдызыңыз перзенттеріңізге жұғысты болсын.

Е.ИШАНОВ,  
Е.ФРУНЗЕБЕКҰЛЫ

## ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІМІЗ – ЕЛІМІЗГЕ

да тұрмыстары мәз емес еді. Анталаған аштық пен жоқшылық қалың елдің еңсесін көтертпеді. Әйтсе де, қарапайым жұмысшы Жұмаш апай майдандағы жарының туған жеріне аман-сау жеңіспен оралатындығына кәміл сенетін. Бірақ 1944 жылдың қыркүйек айында сағына күткен сүйген жары Жауынгер Әшімбаев ағаның майданда ерлікпен қаза тапқандығын жеткізген қайғылы хабар абзал ағаның үміт отын су сепкендей ба-сады.

«Тірі жан тіршілігін жасайды» деген емес пе. Ер жете бастаған балаларының бақыты мен амандығын арман еткен Жұмаш апай перзенттеріне әкелерінің жоқтығын білдірпейді. Әкесінен ерте айырылған кенже баласы Пер-

ицк» қазіргі Төле би ауылындағы шаруашылықтарда мамандығы бойынша еңбек жолын бастайды.

Ер жете келе Пернеханды майданда ерлікпен қаза тапқан әкесінің тағдыры жиі мазалаумен болады. Бұл ой әке жолын қуып жауынгер болуға меңзейді. Осы мақсат жігерлі жас жігітті 1963 жылы Ленин орденді, маршал Павел Рыбалко атындағы Ташкент командалық танк училищесіне алып келеді. Алайда әскери училище қабылдау комиссиясының офицерлері оған: «Сіздің біліміңіз бен ойыңыз талабыңызға сай болғанымен, сұңғақ бойыңыз сай келіңіремей тұр. Біздің училищеге оқуға түсетіндердің бойларының биіктігі 1 метр 75 сантиметрден артық болмауы тиіс» дегенді айтып, оның 1 метр

Жас талапкердің мұң-мұқтажын асқан сабырлықпен тыңдаған генерал атпал азаматтың сұңғақ бойына сұқтана қарап тұрып:

«Қабылдау комиссиясындағылар сізге училище талабын түсіндіріпті ғой. Жалпыға бірдей белгіленген қабылдау ережесін бұзуға қақымыз жоқ», - дейді. Сонда генералдың алдында оқтаудай тік тұрған жігерлі жігіт тайсалмастан: «Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан үшін өмірін қиған марқұм жауынгер әкем Әшімбаевты майданға алғанда оның сұңғақ бойына ешкім де мін тақпаған болатын», - деп қойып қалады. Сөз тапқанға қолқа жоқ деген емес пе. Қыр баласынан мұндай жауапты күтпей төрде сіресіп отырған әлгі генерал райынан қайтып,

жөніндегі офицері қызметіне жоғарылатады. 1976-1979 жылдары Мәскеу қаласындағы бронетанк әскерлері Әскери академиясы жанындағы адъюнктураның күндізгі бөлімінде оқып жүріп, техникалар мен қару-жарақтардың тиімділігін арттыра түсу мақсатында көрсетілетін техникалық қызметтердің жүйелерін жетілдіру тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын абыроймен қорғап, техника ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болады. Сөйтіп, ізденімпаз жас ғалым осы тұста қару-жарақтар мен техникалардың жай-жапсарларына тізбекті бақылау құралын жасағаны үшін КСРО Халық Шаруашылығы Жетістіктер Көрмесі - жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы күміс жүлдегерінің

### Кафедра настоящих мужчин



(Начало на 1 стр.)

В сентябре военная кафедра была передислоцирована на новое место расположения, в бывший учебный корпус физического факультета. Под руководством полковника Олега Степаненко в кратчайшие сроки кафедра обрела новый облик. На отдельной

территории расположено красивое здание, с просторными классами, конференц-залом и буфетом, есть строевая плац и ангары для боевой техники, современный тир. В этом большая заслуга руководства университета и его ректора Галыма Мутанова, строителей и всех кто нам помогал. Скоро мы создадим зал истории военной кафедры, в этой работе я непременно приму активное участие.

Учеба на военной кафедре одна из самых интересных и важных составляющих моей студенческой жизни. Здесь даются знания и практические навыки военного дела, познается настоящая дружба и взаимовыручка, вырабатывается командный дух и закаляется мужской характер. Каждый чувствует себя частью большого и сплоченного коллектива, который воспитывает патриотов и учит служению народу.

Соб.кorr.

### Быстрее, выше, сильнее!

Многие мальчишки в детстве мечтают стать похожими на сильных, смелых и находчивых героев-героев из кинофильмов или исторических книг. Взрослея, они становятся защитниками Родины, а многие связывают свою жизнь с профессией военного. У студентов КазНУ есть прекрасная возможность достичь азы ратной службы, поступив на военную кафедру, причем в лучшую среди вузов страны. Но для этого мало иметь отменное здоровье, нужны хорошие знания и физическая подготовка.

С 1 ноября начал прием нормативов по физической подготовке для поступления на воен-

ную кафедру, который продлится до конца текущего года. К сдаче нормативов допускаются студенты первого курса, прошедшие медицинское освидетельствование и признанные годными к службе в Вооруженных Силах РК. Прием нормативов осуществляется комиссией на кафедре физического воспитания и спорта каждый вторник с 10.00 до 12.00 ч. и четверг с 14.00 до 16.00 ч.

На сдачу нормативов студентам необходимо при себе иметь удостоверение личности и направление, выданное учебной частью военной кафедры.

Соб.кorr.



оның училище курсанты атануына қолғабысын тигізеді.

Әне-міне дегенше, қиыншылығы мен қызығы мол курсанттық өмір де артта қалды. Ташкенттің командалық танкішілер училищесін 1966 жылы ойдағыдай аяқтаған лейтенант Пернехан Ермекебаев көп кешікпей сонау Балтық қаласындағы теңізшілердің жүзетін танк бөлімдерінде офицерлік қызметін бастайды. Бастапқы күндерден-ақ бойындағы теориялық білімдерін іс жүзінде ұштастыра білген бөлімнің жас командирі аға лейтенант Пернехан Ермекебаевты әскери бөлімнің басшылары 1968 жылы Мәскеу қаласындағы бронетанк әскерлерінің Әскери академиясына оқуға жібереді.

Өзіне көрсетілген үлкен үмітті сеніммен ақтаған ол Әскери академияны сәтті тамамдаған соң 1972-1975 жылдары Алматы жоғарғы жалпыәскери командалық училищесінің жауынгерлік машиналарды жүргізіп үйрету және пайдалану кафедрасына ұстаздық етеді. Арада бір жыл өткеннен кейін 1976 жылы Орта Азия әскери округі бронетанк қызметінің техникалық дайындық

лауреаты атанып, КСРО-ның Қорғаныс министрі маршал Дмитрий Устиновтың қолынан грамота алады.

1979-1983 жылдары маршал И.С.Конов атындағы Алматы жоғарғы жалпыәскери командалық училищесі пайдалану және жөндеу кафедрасының аға мұғалімі қызметін атқарып жүріп техника ғылымының доценті атанған ол, көп кешікпей аталмыш оқу орнының пайдалану және жөндеу кафедрасы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалады. 1987-1990 жылдары КСРО Қарулы Күштері Бас штабы Басқармасының арнай жолдамасы бойынша Алжир Республикасы халықтық-ұлттық армиясының кеңесшісі қызметінде болып, олардың әскерлерінің ғылыми тұрғыда жан-жақты дамып, өсіп-өркендеуіне және де әскери өнерлерді тереңірек меңгерулеріне қомақты үлесін қосады. Тактикалық-әдістемелік оқулықтар жазып, көмектеседі.

Бас Штаб басқармасының арнайы тапсырмасын абыроймен атқарып, еліне оралған Пернехан Ермекебаев бақандай жеті жыл бойына,



# Золотая осень на юрфаке

**ПРАЗДНИК**  
Яркие краски, звонкий смех, веселые танцы, иностранные гости и казахское гостеприимство – так отметили традиционный праздник «Золотая осень» в общежитии №18 студенты юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби.

К нему студенты готовились основательно. В оформлении каждого этажа общежития прослеживались индивидуальность и творческая выдумка. В этом году «Золотая осень» прошла по разным странам мира - Англии, Испании, Китаю, России, Кении и Казахстану, студенты в красочных костюмах исполняли национальные танцы и песни, а зрители поддерживали их бурными овациями.

Вспомнить студенческую жизнь и принять участие в празднике получили приглашение от организаторов бывшие выпускники юридического факультета – председатель надзорной коллегии городского суда г.Алматы Е.Р.Арипов, старший прокурор управления по надзору за законностью в социально-экономической сфере прокуратуры г.Алматы Е.А.Турсункулов, заместитель начальника ГАИ г.Алматы Ж.Д.Мураталиев.

В ходе мероприятия директор депар-

тамента по международным связям университета Айжан Смаилова рассказала о создании международного клуба «Друзья КазНУ им. аль-Фараби». Гости праздника изъявили желание вступить в него и активно поддерживать это новое начинание. Декан юридического факультета, профессор Д.Л.Байдельдинов вручил им специальный знак и свидетельство члена клуба.

Новоиспеченные друзья КазНУ сразу включились в работу и выступили с инициативой образовать попечительский совет общежития №18, который будет на

общественных началах помогать решать житейские вопросы студентов. Кроме того, они прошли по общежитию, ознакомились с условиями проживания студентов, поделились с ними воспоминаниями об учебе в родной альма-матер. А председатель надзорной коллегии горсуда Е.Р.Арипов посетил комнату №903, в которой он проживал в студенческие годы.

Праздник прошел на славу. Он сотавил массу положительных эмоций и надолго запомнится всем его участникам.

Уалихан АХАТОВ



АЛАУ

ЖАЛЫН

Қара күздің соңғы айы – қарашаның 1-і КазҰУ-дың журналистика факультетінде 1-курс студенттерінің ұйытқы болуымен «Сыйла маған жүрегіңнің жылуын» атты қайырымдылық акциясы өтті. «Жетім көрсен жебей жүр» - деген дана қазақ. Аталған акцияның мақсаты – бүгінгі таңдағы тас жетім балаларға аз да болса көмек қолын созу, оларға жүрек жылуын жеткізу.

## Жүрек жылуы

Ресми дерек көзіне сүйенсек, қазақ қоғамындағы жетімдер саны 86 мың, ал бейресми дерек 96 мың дегенді алға тартады. Сөз орайы келгенде айта кетуіміз керек, акцияға студенттермен қатар қазақ өнерінде өзіндік дара жолы бар Т.Әлімбаевты, С.Жанпейісованы, Е.Шаңбаевты, В.Қаржаубаеваны сынды саңлақтар қатысты. Шара барысында сөз алған С.Жанпейісова өзінің жетімдер үйінде болғандығын атап өтіп, «олардың өмір сүруге деген құштарлығын көргенде төбе күйіңе шымырлап қоя береді» - деді. Сондай-ақ қайырымдылық деген ұғым кенже тартып бара жатқандығын, «өзім дегенде өгіз қара күшім бар» демей бір-бірімізді демеп жүру керектігін тілге тиек етіп, акцияны ұйымдастырған студенттер қауымына шын көңілмен ілтипатын білдірді.

Шараның шымылдығы В.Қаржаубаеваның орындауындағы «Қаламқас» әнімен ашылды. Осы шараға қатысушы студенттер де өз тарапынан әсем әндер орындап қана қоймай, поэзиядан да сыр шертті. Әсіресе журналистика факультетінің 2-курс студенті Құралбек Сәбитовтің өлеңі көпшілікке ой салды. Шара соңында факультет деканы Е.Алауханов мұндай шараларды басты назарға алып, алдағы уақытта талай мәрте ұйымдастыратынын жеткізді.

Марат ДИХАНБАЕВ,  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті

## СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

(Басы 1-бетте)

Бұл ойын 1:5 есебімен аяқталды. «Көшбасшы» финалға жолдама алды. Ал олардың қарсыласы 2-курс студенттерінен құралған «Сұңқар» және магистранттардың «Магистр» командалары арасындағы ойын қорытындысы 4:1 есебімен аяқталып, «Сұңқар» финалға шықты.

3-ші орын үшін болған кездесуде «Магистр» және «Алғадай» командалары бақ сынасып, 3:3 есебімен тең аяқталды. Жеңімпазды анықтау үшін болған пенальти қорытындысы бойынша «Магистр» 4:3 есебімен жеңіске жетіп, 3-ші орын иегері атанды. Ал ақтық сында «Сұңқар» командасы «Көшбасшы» командасын 3-1 есебімен тізе бүктіріп, жарыс жеңімпазы деген атқа ие болды.

Жарысқа қатысушылар ұйымдастырушылар тарапынан түрлі ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Атап айтар

болсақ, жарысқа үздік төрешілік еткені үшін доцент Кенжетай Күркебаев, Өмірбек Сансызбай - үздік қақпашы, Мағжан Бектаспен Мади Бекмағамбетов - үздік қорғаушылар атанып, үздік сұрмерген атағын 8 нәтижелі соққымен көзге түскен Арыстанбек Фараби иеленді. Ал турнирдің үздік ойыншысы Нұрперзент Сайлауов атанды. Ерекше көзге түскен бұл ойыншыларға ұйымдастыру алқасынан құрмет грамотасы мен естелік сыйлықтары берілді. Факультет ұстаздары мен студенттері арасындағы ынтымақты күшейту мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілген бұл іс-шара спорттың басқа түрлерінде де (үстел теннисі, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, т.б.) өз жалғасын таппақ.

Жәнібек ӘБІШЕВ,  
филология, әдебиеттану және  
әлем тілдері факультетінің 2-курс  
студенті

## «Жас экологтар» ашық есік күнін өткізді

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына байланысты биология және биотехнология факультетінің молекулалық биология және генетика кафедрасында «Жас эколог» ұйымының ашық есік күні өтті. Ашық есік күніне студенттер үлкен белсенділікпен қатысып өздерінің өнерден кенде емес екендіктерін танытты.

Жаңа технологияның жаңалықтарын жылдам меңгеріп жүрген студенттер арасынан Әбділдә Тастанов «Суреттер сөйлейді» атты бейнеролигін ұсынды. Бұл бейнероликте еліміздің тарихы мен қазіргі Қазақстанның келбеті, экологиялық жағдайы көрсетілді.

«Сөйлейтін суреттер» студенттердің көңілінен шықты. Ал Жансая Даулетжанованың «ҚР экологиясы» атты презентациясы маңызды мәселелерді кеңінен қамтуымен ерекшеленді. Балқаш, Алакөл экология департаментінің Алматы облыстық бөлімі Қапшағай су қоймасында экологиялық рейд жүргізуіне де зерттеу жасап, 2010 жылдан бері жел атласы жобасының Алматы облысында жүзеге асырылып жатқаны туралы хабардар етті. Қазақстан парниктік газдардың шығарылуын 2020 жылға дейін 15%-ға, 2050 жылы 25%-ға кеміту жөніндегі міндеттеме туралы да кеңінен айтып берді. Экологиялық реттеу және бақылау комитеттерінің Ертіс, Нұра, Сарысу, Тобыл, Торғай, Арал, Балқаш, Каспий өзендерінің

проблемасын шешудегі жұмыстарына талдау жасады. Мұнда студент Қазақстанның қазіргі экологиялық мәселелерін санап қоюмен ғана шектелмей, оны шешудің жолдарын қарастырған. Сонымен қатар Әсел Уразова, Арайлым Әскербекова, Айжан Жуасбекова Тәуелсіз Қазақстан даму жолы жайында баяндама жасады. Ал, Гүлжанат Танабекованың «Тәуелсіздік таңы» атты өлеңі көрермен көңілін бір серпілтіп тастады.

Ашық есік күні жас экологтардың басын қосып қана қоймай, сонымен қатар тәуелсіздік жастарының ойын еркін ортаға салуға зор мүмкіндік берді.

А.Е.ОРАЗБАЕВ,  
Ұйым жетекшісі, х.ғ.к.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Еңлік АҚЖІГІТ  
Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ  
Беттеуші –  
Фототілші –

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10663

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.